| 7                              | Коткина                                                                                                       | технический персонал                                                                                                                                                                                                                             | 87058459964                                                  | очно                                                                                                                                     | Коткина                                                                                                       |
| 8                              | Брызгалов                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                  | 87051025800                                                  | очно                                                                                                                                     | Брызгалов                                                                                                     |
| 9                              | Ахмедов                                                                                                       | Директор ГОУ                                                                                                                                                                                                                                     | 970579197050                                                 | очно                                                                                                                                     | Ахмедов                                                                                                       |
| 10                             | Корнеев                                                                                                       | Менеджер                                                                                                                                                                                                                                         | 7770972821                                                   | очно                                                                                                                                     | Корнеев                                                                                                       |
| 11                             | Абрамова Н.А                                                                                                  | Работник Восточная                                                                                                                                                                                                                               | 8057607550                                                   | очно                                                                                                                                     | Абрамова                                                                                                      |
| 12                             |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                              |                                                                                                                                          |                                                                                                               |

|    |                 |                                  |               |         |            |
|----|-----------------|----------------------------------|---------------|---------|------------|
| 13 | Бурденкова Л.Б. | учетные карт. ресурса            | 77052502306   | о.к.н.о | Бур -      |
| 14 | Бажено Л.Б.     | 7705 420 41 35                   |               | о.к.н.о | Л          |
| 15 | Майкева О.В.    | предст-во ИП "Амурская-2017"     | 87785160085   | о.к.н.о | Майкев     |
| 16 | Бахминов А.С.   | ген. дир. ЧК Ugra Resources Ltd  | 8707 555 1335 | о.к.н.о | Бахминов   |
| 17 | Курабаев А.С.   | Сотрудник СЛС                    | 8707 11192 48 | о.к.н.о | Курабаев   |
| 18 | Давыдов Е.Б.    | Сотрудник СЛС                    | 87755 489005  | о.к.н.о | Давыдов    |
| 19 | Нухусов П.С.    | Акт. сел. Акт. сел.              | 87051508833   | о.к.н.о | П. Нухусов |
| 20 | Воторина Т.Н.   | представитель ИП "Амурская-2017" | 8706 555 3131 | о.к.н.о | Воторина   |
| 21 |                 |                                  |               |         |            |
| 22 | Маданкова Л.    | специалист УИП.но                |               |         |            |
| 23 |                 | Маданкова Л.                     | 84477001100   | о.к.н.о |            |
| 24 |                 |                                  |               |         |            |
| 25 |                 |                                  |               |         |            |
| 26 |                 |                                  |               |         |            |
| 27 |                 |                                  |               |         |            |
| 28 |                 |                                  |               |         |            |
| 29 |                 |                                  |               |         |            |
| 30 |                 |                                  |               |         |            |

# МОЙЫНҚҰМ

## ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ  
АУДАНДЫҚ  
ГАЗЕТИ



№53  
(7036)  
жұма  
12 шілде  
2024 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moynqum.kz

moinkum\_tani@mail.ru

### ПРЕЗИДЕНТ

## ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАУ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Президент XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан құрама командасының мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрама спортшыларымен кездесуде Парижде басталатын дүбірлі доданы бүкіл әлем асыға күтетінін әрі оған төрткүл дүние түгел көз тігіп отырғанын айтты. Сонымен қатар үздіктердің үздігі бақ сынайтын байрақты бәсекеге ең мықты спортшыларымыз бара жатқанын атап өтіп, ел намысын қорғау абыройлы міндет екеніне тоқталды.

– Біз сіздерге зор үміт артамыз. Бүкіл халқымыз – сіздерге жанкүйер. Жалпы, қазақ спорт мектебінің мәртебесі қашанда биік. Спортшыларымыз әрдайым елге жүздеген оралып жүр. Осы даңқты жолды абыроймен жалғайсыздар деп сенемін. Шын мәнінде, сіздердің жеңістеріңіз тұтас Қазақстанның жеңісі болмақ. Көк туымыз желбіресе, ұлтымыздың рухы асқақтайды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент спортшыларымызға барлық қажетті жағдай жасалып жатқанына тоқталды.

– Елді мекендерде арнайы алаңдар салынып жатыр. Өткен жылдың өзінде 70-ке жуық спорт орталығы ашылды. Биыл тағы 200-ге жуық нысан салынады. Баршаңызға мәлім, Ұлттық олимпиада комитетінде

өзгерістер болды. Олимпиада ойындарына дайындық штабы құрылды. Тәжірибелі мамандарды шақырдық. Белгілі спортыш Геннадий Головкин келді. Әр салада осындай өз ісінің нағыз шебері болуға тиіс. Сонда ғана нәтиже болады. Біз – спортшыларға айрықша құрмет көрсететін елміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті спорт тарихында өшпес із қалдырған саңлақтарымыздың еңбегі әрқашан жоғары бағаланатынын жеткізді.

– Балуан Шолақ, Қажымұқан Мұңайтасов, Жақсылық Үшкемпіров, Александр Винокуров, Бекзат Саттарханов, Ольга Рыпакова атындағы спорт нысандары – соның айқын көрінісі. Сіздер де биік белесті бағындыра аласыздар. Мен бұған кәміл

сенемін. Бүгінгі жастарымыз сіздерге қарап бой түзейді. Бұл – үлкен абырой, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы бейбітшілік және ынтымақтастық саясатына еліміздің қашанда бейлді екеніне назар аударды.

– Өткен аптада Астанада ШЫҰ саммиті табысты ұйымдастырылды. Бұл маңызы зор шараның басты мақсаты мемлекеттер мен халықтар арасындағы диалогты, достық пен сенімді нығайту болды. Мұндай басымдықтар күллі спорт әлеміне де тән. Өйткені кез келген спорт сайысы, ең алдымен, ынтымақтастықты, алға ұмтылысты және адамдардың бірлігін көрсетеді. Олимпиада ойындарының құндылықтары қарапайым спорт жетістіктерінен асып түседі. Ол – жекелеген спортшылардың да, тұтас мемлекеттердің де теңдігінің, өзара құрметі мен адал бәсекелестігінің жарқын бейнесі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел намысын абыроймен қорғауда спортшыларға жауапты миссия жүктелгенін айтып, оларға сәттілік тіледі.

– Бәріңіз Олимпиада жолдамасын иелену үшін көп күш жұмсадыңыздар. Өздеріңіздің асқан шеберліктеріңізді көрсетіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндеріңізге сенімдімін. Сіздерге барша Қазақстан халқы қолдау көрсетеді. Әрине, чемпион болу оңай емес. Қазаққа «Намысқа шапсаң – алысқа шабасың» деген сөз бар. Сондықтан жеңімпаз боласыздар деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құрамның капитаны Асланбек Шымбергеновке табыстады.

Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі кездесуге Алматы облысындағы «Ақбулақ» олимпиадалық орталығынан бейнебайланыс арқылы қатысты. Онда спортшылар Париж Олимпиадасы алдындағы соңғы жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Сондай-ақ іс-шарада бокстан әлем чемпионы Асланбек Шымбергенов, жеңіл атлетикадан Азия ойындарының жеңімпазы Ольга Сафронова, дзюдодан Олимпиада ойындарының жүлдегері Елдос Сметов сөз сөйледі.

AKORDA.KZ.

### ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында су тасқынынан зардап шеккен Жаңатас қаласында еріктілердің қатысуымен тазалық шаралары атқарылды. Облыс әкімінің бастамасымен өткен іс-шара барысында әр ауданнан келген 200-ге жуық ерікті жастар су тасқынынан бүлінген аумақтарды тазалауға, реттеуге атсалысты.



## ЖАҢАТАСТЫҚТАРҒА ЕРІКТІ ЖАСТАР ЖӘРДЕМДЕСУДЕ

Аймақ басшысы Ербол Қарашөкеев су басқан баспаналар мен аулаларды аралап, аудандағы төтенше жағдай салдарын жою шараларымен, тұрғындардың жағдайымен танысты. Олардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, назарға алды.

– Қайырымдылық – халқымыздың қанында бар қасиет. Ежелден жұрт болып жұмылып, ағайын-бауырларға қол соза білген елміз. Осындай игі істің жанынан табылу ерлік деп білемін, – деп атап өткен облыс әкімі жастардың жалынды еңбегіне алғыс білдірді.

Облыс әкімі мемлекет тарапынан барлық көмектер көрсетілетінін, зардап шеккен тұрғындардың ешқайсысы қолдаусыз қалмайтынын жеткізді. Жауаптыларға бүлінген нысандарды техникалық тексеру, бағалау, шығын көлемін анықтау жұмыстарын жүйелі түрде, тездетіп жүргізуді тапсырды.

Бұдан бөлек, Ербол Қарашөкеев Жаңатас-Саудакент автожолының су тасқынынан кейінгі жағдайын көрді. Облыстық маңызы бар жолды бір апта ішінде қалпына келтіру керектігін ескертті.

Еске сала кетейік, 7 шілде күні Сарысу ауданы аумағында қатты жауын-шашын салдарынан көлбеу ағын қалыптасып, 400 аула, 47 жеке тұрғын үй мен бір мектептің жер төлесін су басқан болатын. Жедел қабылданған шаралар нәтижесінде төтенше жағдай департаменті мен жергілікті атқарушы органдар суды бұру және айдау, сондай-ақ арық желісін нығайту жұмыстарын жүргізді. Жалпы, 20100 текше метр су сорылды. Оқиға орнына 300-ге жуық қызметкер, 67 техника, 39 мотопомпа, бір су сорғыш құрал жұмылдырылды.

Сарысу ауданында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланып, қазіргі таңда арнайы құрылған комиссиямен шығындарды есептеу жұмыстары жүруде.

Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.

### ИССАПАР

## ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САПАСЫ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ



Осы аптаның сәрсенбесінде Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Қайрат Әшірәліұлы Бисембаев ауданда іссапармен болды. Басқарма басшысы ауданда жүргізіліп жатқан құрылыстардың жай-күйін көзбен көріп, жұмыс барысымен танысты.

Алдымен ол Қарабөгет ауылдық округіне қарасты Сарыөзек ауылында салынып жатқан 5 келушіге арналған медициналық тірек пунктін құрылысымен танысып шықты. Құрылыстың аяқталу мерзімі тамыз

айына белгіленген. Құрылыс жоспарға сай жүргізілуде.

Келесі кезекте Қарабөгет ауылында бой көтеріп жатқан 80 орындық Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебінің құрылысымен танысып, мердігер «Quality

Design & Technology Construction» ЖШС-нің өкілімен тілдесті.

Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Қайрат Бисембаев іссапар барысында Айдарлы ауылындағы №2 орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижесімен, осы ауылда салынып жатқан 90 орындық ауыл клубының, спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыстарымен танысты.

Сонымен қатар Бірлік ауылындағы Қ.Рысқұлбеков атындағы орта мектебінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының да жай-күйі туралы ақпарат алды.

Келесі кезекте Хантау ауылындағы магистральдық су құбыры желілерінің, Ақсуіек ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су құбырының құрылыс жұмыстарын зерделеді.

Содан соң Мыңарал ауылындағы Кенесары Қасымов атындағы орта мектебінің құрылысымен танысып шықты.

Сапар барысында аудан аумағында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарына жауапты қызметкерлер мен сол құрылысты жүргізіп жатқан мердігерлердің өкілдерінің қатысуымен жиын өткізді. Жиында басқарма басшысы құрылыс жұмыстарына қойылатын бірқатар талаптарды түсіндіріп өтті. Сонымен қатар құрылыстық техникалық бақылаушыларына да құрылыс сапасының талап деңгейінде болуын жіті қадағалауды тапсырды.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,  
«Мойынқұм таңы».

### АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

## ИНВЕСТИОРЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Жуырда аудан әкімінің міндетін атқарушы Сәбит Орынбетұлы Төлегенов облыс әкімі Ербол Шырақбайұлы Қарашөкеевтің ауданға инвестиция тарту, жергілікті атқарушы органдар тарапынан келген инвесторларға барынша қолдау көрсету бойынша берген тапсырмаларын орындау мақсатында, «Total Energies» («Актас Энерджи» ЖШС) (Инвестор-Франция) өкілдерін қабылдап, пікір алмасты.

Инвестор жел энергиясын өндіруді ауданымыздың Мирный елді мекенінде жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Жобалық құны – 1,7 млрд. АҚШ доллары (шамамен 765 млрд. теңге). Жылдық қуаттылығы – 1 ГВт (гегаватт) электр энергиясын өндіру. Жоба жүзеге асқан жағдайда 150 адамға дейін жұмыспен қамтылады.

Бүгінгі күнде Бетпақдала жер қоры жерінен 45,0 гектар аумақта зерделеу жұмыстарын жүргізуге 3 жыл мерзімге мақұлдау алып, жерді зерттеу машинасын және 4 жел мұнарасы (вышка) орнатылған. Электростанцияны кезек-кезеңімен салып, 2025-2027 жылдар аралығында толық іске қосу жоспарланды.

Айым ТӨРЕБЕК,  
аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы.

БІРГЕ -  
ТАЗА  
ҚАЗАҚСТАН



ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІК

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАРШАНЫҢ ІСІ

Тәрбие - бұл мәңгілік категория. Тәрбие – бұл тоқтаусыз жүргізілетін жүйелі жұмыстардың жанды көрінісі мен ең ізгі жандардың өшпейтін үлгі-өнегесі. Сондай-ақ, сол үлгі-өнегені үнемі үздіксіз іске асыру үшін қолданып отыратын амал мен әрекетіміздің нақты көрінісі. Кез келген басқа халықтар сияқты қазақ халқы да бала тәрбиесіне өте ерте бастан айрықша мән берген халық. «Атымды адам қойған соң, қайтып надан болайын»... деп данышпан Абай айтпақшы «адамдық» деп аталатын ең асыл қасиетті ұрпағының өнбойына дарытуда алдына жан салмаған ата-бабаларымыз әділ шешім – ұлы өлшем, әділдіктен асқаның, адамдықтан қашқаның, өз ісіңе әділ боп, үлгісі бол басқаның» – деп әділдікті қашанда ту етіп көтерген турашыл жұрт.

Жарық дүниеге жаңадан келіп көзін ашқан нәрестенің барлық көрген-білгенімен, естіген түйгендерінің бәрі де әдемілік пен әділдік болуға тиіс. Сол үшін де тәрбиенің ең басын тәтті ұйқының тыныш ұясы болған тал бесіктен бастаған бабаларымыз «Бесік жырына» өте ерекше мән берген. Елін, жерін сүйетін ұлтжанды да ұжданды ұрпақ тәрбиелеуде бүгінгі күні жиі айтыла бермейтін сол «Бесік жырының» маңыздылығын ешбір тәрбие құралымен айырбастай алмайсыз.

Әлди-әлди ақ бөлем,  
Ақ бесікке жат бөлем.  
Жылама бөлем жата ғой,  
Тәтті ұйқыға бата ғой... немесе тағы да бір жолдарында:  
Айыр қалпақ киісіп,  
Ақырып жауға тиісіп.  
Батыр болар ма екенсің?  
Әділдіктен өзгермей,  
Ауыздыға сөз бермей,

Ақын болар ма екенсің? – деген секілді ұйқасты өлең жолдарымен үйлесім тапқан ұтқыр ой, ұтымды пікірлерін әп-сәтте әнге айналдырып әуенге қосып, өзінің өнбойындағы арман-тілектері мен ең ізгі мақсаттарын бесікте жатқан бөбегінің құлағына құйып санасына сіңіріп өсірген. Ондай ұрпақтан сөз ұстанған ақын да, ел қорғаған батыр да, әділ би мен шешен де, ел басқарған көсемдер шықпағанда кім шығады енді?

«Тәрбиенің басы тал бесіктен басталады» дегеніміз міне осы болмақ. Ал, орыстану саясатының кесірінен кешегі келмеске кеткен кеңес үкіметі заманында бізді осы бесігімізден жерітіп жадымыздан жаңылдырды емес пе?

Тал бесігінен ажырау-ұлттық тәрбие-міздің тамырына әдейілеп балта шабу екенін енді түсініп жатқанымыз да жасырын емес. Бесік бұл отбасының алтын діңгегі. Баға жетпес байлығы мен бақыты. Ұлттық тәрбиеміздің танымы мен тамыры. Отбасын құрған ер мен әйелдің ажырамас

алтын дәнекері.

Ана күре тамыры тіршіліктің, Бақытты ғой жасаса құлшылық кім. Ананың ауызданып ақ сүтімен, Тал бесіктен таусылмас шын сыр ұқтым, – деп жырға қосуымыз да сондықтан. Отбасыннан ала алмаған тәрбиенді әлемнен іздеп әуре болма деген тәмсілді де бабаларымыз босқа айтпаса керек. Әкең келе жатыр десе бір бала селт етеді, бір бала селк етеді. Сесті әкеден есті бала өсіп ер жетеді. Өз кезегі келгенде ол да өз естілігін көрсетеді. Ұлтымыздың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы бабамызша айтсақ: «Ерім дейтін елі болмаса,елім дейтін ерді қайдан табарсың?». Бізде ұрпақ тәрбиесіне келгенде өсиет емес өнеге көрсете білуіміз керек қой. Ол өнегені кімдер көрсетуі керек? Әрине, үлкендер. Біз көбінесе өнеге көрсетуге келгенде шабандауымыз да сараңдауымыз. Ал енді өсиет айтқанда алдымызға жан салмаймыз. Сондықтан да бала тәрбиесі мәселесін қашанда үлкендерден бастау керек. Алайда бұндай жауапты істен үлкендер қашпау керек. Бірде әкесі мен кішкене баласы екеуі келе жатып: -Балам байқашы, ана шал-шық суды басып кетпе. Аяғың су болады ғой деген әкесіне кішкене ғана бес жастағы баласы іркілместен: -Әкешім, алдымен сіз байқаныз! Мен сіздің ізіңізбен жүріп келе жатырмын ғой» деген екен. Өнеге ма? Әрине өнеге.

«Болашаққа жаям десең атыңды, Бал бөбекке қызмет қыл татымды. Жақсы өнеге көрсе бала бүгінде, Еңбегімен қуантады түбінде. Ертен өзің қалмау үшін табаға,

Жақсы өнеге көрсете біл балаға» – деген Жүсіп Баласағұн бабамыздың бала тәрбиесі жайында қолымызға таяқ ұстатып кеткендей айтып кеткен осы бір алтын сөздері ұрпақ тәрбиесімен айналысып жүрген әрбір ұстаз тәрбиешілерімен бірге кез келген ата-аналардың жадында

жатталып, есінде сақталып жүретін ең бір асыл құндылық болуға тиіс.

Заманымыздың заңғар ұлы, ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың: «Анам маған үлкенді сыйла деген. Сол сөз бойға ізгілік құйған ерен.

Үлкендерден үйренген өнегемді, Үлкендердің өзіне сыйға берем» - деген ойлы жыры бәрімізге де әсер етуі тиіс. Баланы бала ғой деп алдай салуға, өзің істемейтін болмаса орындамайтын уәделерді беруге, өтірік айтып жалған сөйлеуге болмайтындығын кімде-кім болса да жете түсінуі керек. Бір күні үй телефонына қоңырау шалып әкесін сұрап жатқан телефонның құлағын елден бұрын жүгіріп барып көтерген кішкентай ғана алты жастағы Сәбина:

–Әкешім, сізді бір аса сұрап жатыр. Бар деп айта берейін ба? – деп сұраулы жүзбен қарап тұр дейді. Бұл нені білдіреді? Әрине бұл еш боямасыз осыған дейінгі бір емес бірнеше рет қайталанған бар бола тұрса да үлкендердің «жоқ деп айта салшы» деген шындықтың бұрмалануы болатын. Бала деген пәк. Бала үлкендер сияқты алдау-арбау, немесе аяқ астынан өзіне қолайлырақ деген бір сылтауды ойлап таба салу деген сияқты жалғандықтан алшақ болатындығының белгісі. Баланың балалық қасиетінің өзі сол – ешнәрсені жасырып жабуды білмейтін адалдығында.Сондықтан да бұрынғы ата-әжелеріміз «Балалы үйдің ұрлығы жатпайды», «Үй менікі демеңіз, үй артында кісі бар» деген мақал-мәтелдері арқылы да баланың көзінше өтірік айтып жалған сөйлемуге тырысқан. Балаларының көзінше әбестік қылықтар жасамасақ. «Ойнан айтсаң да ойлап айт! Күліп айтсаң да біліп айт! Әзіл айтсаң да әділ айт!» – деген өнегелі сөздерді аса мұқият ескере жүргеніміз жөн.Халқымызда ұрпақ тәрбиесі туралы ұлыларымыздың да қаншама ұлағатты сөздері бар.Адамзаттың Абайы атанған кемеңгер Абай атамыз

өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі кінәлі. Мен егер закон қуаты қолында бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген екен. Ендеше елден бұрын ең алдыммен өзімізді өзгертейік. Өзімізге өзіміз көбірек мән беріп, көбірек үңілейік дегім келеді. Біздің бүгінгі күнгі әрбір баламыз осы өзіміз өмір сүріп отырған қоғамымыздың белгілі де белді мүшесі әрі басқарушы егесі. Яғни ертеңгі ел тұтқасын ұстаушы азамат деп қарауымыз керек. Алайда сол қоғамның мүшесі болып ел басқаратын жақсы азаматтарға ең алдымен отбасының тәрбиесі жеткілікті түрде берілуі керектігін ешкім де жоққа шығара алмас. Сондықтан да ұл тәрбие-сіне келгенде ата-аналарға айтарымыз:

Азанменен шақырған таңды оята,  
Сәждеге бір тимесе маңдай оята.  
Өзің үлгі бермесең намаз оқып,  
Балаң ертең болады қандай ата?  
Ал қыз тәрбиесіне келетін болсақ  
мына бір өсиетті берік ұстанғанымыз абзал болар.

Тойғзып қоймасаң да жал-жаяға,  
Тәрбиеге келгенде барды аяма.  
Өзің үлгі бермесең анасы боп,  
Қызын ертең болады қандай ана?  
Сондықтан да жас ұрпақтарға қашанда құры өсиет пен құрғақ ақыл айтумен ғана шектеліп қалмай өнеге көрсету ісінде де жарыса жұмыс жасасақ еңбегіміз жанып нәтижеге қол жеткіземіз.

**Камнұр ТӘЛІМУЛЫ,**  
**ақын, сазгер, Қазақстан Республикасы**  
**білім беру ісінің үздігі, Талғар**  
**ауданының Құрметті азаматы.**

ЗАҢ БАРШАҒА ОРТАҚ

Қазақ халқына бітімгершілік сөзі жат емес. Ерте ғасырларда дау-дамай, жанжал, жесір, жетім дауы билердің алдында шешімін тауып, жүйеленген. Ұлы қазақ даласының билігінің белгілі дара тұлғалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған даналардың ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен рөл атқарғаны баршамызға белгілі.

ДАУ МҰРАТЫ – БІТІМГЕРШІЛІК

«Ел даусыз болмас» дейді халық мақалы. Бірақ, сол дау-жанжалды реттеу мәдениетіміз қандай?

Бізде дауды тек сот шешеді деген көзқарас санамыздан кетпейді. Сал дау туса, дереу сотқа жүгіреміз. Екі арадағы мәселені сот аренасына шығарып, шешкіміз келеді. Сотқа жүгінгеннен біріншіден уақытыңыз кетеді.

Екіншіден шығындаласыз. Қаржыңыз кетеді, мемлекеттік баж төлейсіз, жол шығындарыңыз бар, адвокат жалдайсыз.

Үшіншіден ағайын-туыс,дос арасындағы сыйластыққа нұқсан келеді. Неге десеніз, сот – дау алаңы. Онда айтысуға, таласуға мәжбүр боласыз. Кейде тараптар ашуға беріліп, бір-біріне ауыр сөздер айтып жатады. Сол себептен кешегі туыстар бүгінгі жау, кешегі достар бүгінгі қасқа айналуы әбден мүмкін.

Ертеректе шешімі қиын даумен би алдына жүгініске барған кісілер ақ және қара қылдан ескен жіп ала барған. Егер дауласқан екі жақ та би шешіміне тоқтаса, билік айтушы айттым – бітті, кестім – үзілді деп, даудың шешілгенін білдіреді де, жіпті қақ ортасынан қияды. Бұл – билік айтқан адамның «ақ» пен «қараны» ажыратып, қара қылды қақ жарған әділдігін білдіретін таңба болған.

Сотқа жүгінбестен бұрын ақылға салып, ойланған жөн. Сіз немесе сотқа жүгінемін деген танысыңыз эмоцияға берілген жоқ па? Ашуды ақылға жеңдіріп, өзара келісімге келіп, шешуге болар еді ғой деп көбісі кейіннен өкініп жатады. Әйтеке би айтқандай,

Жігіттің жақсысы:

Дұрыс сөзге тоқтай білгені,

Басқаны сөзіне тоқтата білгені.

Екі жақ та қаласа, сот татуласу процесін бастау үшін істің қаралуын кез-келген сатыда тоқтата алады.

Ең дұрысы – татуласу, келісу, бітімге, бір мәмілеге келу. Одан екі жақ та ұтады. Уақыт жоғалмайды. Ақша үнемделеді. Қатынас үзілмейді. Жүйке мен абырой-бедел сақталады. Дана халқымыз «Дау мұраты - бітімгершілік» деп бекер айтпаған. Осы бағытта бүгінде билер кеңесі мен татуластыру орталықтары жұмыс істеп жатыр. Билер кеңесі- елге, ауыл-аймаққа сөзі өтімді ақсақалдар әртүрлі санаттағы даулар бойынша тараптарды бітімге шақыруда.

Дауласудан бұрын өзара бітімге келейік, ағайын!

**Б.ДАЛИБАЕВ,**  
**аудандық соттың төрағасы.**

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘДЕБИ

Мемлекеттік қызметкердің әдебі – өте маңызды ұғым. Өйткені, мемлекеттік қызметкердің тәртібі мен өзін-өзі ұстауына, кәсіби біліктілігіне, халықпен қарым-қатынасына қарай халықтың тұтас мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан, елімізде мемлекеттік қызмет атқаратын мамандардың, әдеп нормалары қалыптасқан. Мемлекеттік қызметкердің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуі тегіннен тегін емес. Қоғамның айнасы саналатын мемлекеттік қызметкерлер өз әрекетімен басқаларға да үлгі бола білуі керек.

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Жақында ғана Мемлекет басшысының бюрократиядан арылу жөніндегі Жарлыққа қол қоюы «мемлекеттік қызметкердің басты міндеті – халыққа адал қызмет етуі» деген мәселені ашық айқындап берді. Мемлекеттік қызметкер әдебі – кәсіби этиканың бір түрі ретінде, мемлекеттік қызметтегі адамның қатынастарының белгілі бір түрін белгілейтін моральдық-адамгершілік нормалар жүйесі. Ол шенеуніктің адамгершілік мәніне қарай, оның мемлекетпен, мемлекеттік қызметкерлерімен, азаматтық қоғаммен қарым-қатынасының сипатына қойылатын моральдық талаптарды білдіретін принциптерді, ережелер мен нормаларды қамтиды. Мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексінің басты міндеттері:

Қызметкердің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының онды болуын қамтамасыз ету;  
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

Қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмаудың алдын-алу;

Жұмыстан тыс кезде заң бұзушылықтарға жол бермеу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұйрығына сәйкес, мемлекеттік қызметкерлерге арналған Әдеп кодексінің жаңа редакциясы қабылданды. Кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» туралы тарау енгізілді. Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдебін стандарттауға және кішіпейіл мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдебі туралы 6 қағида негізделген. Атап айтсақ, адал ниет, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, бағдарлану тараулары бар. Жалпы жаңа әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметкерлердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі болып саналады. Уақыт сұранысына сай толықтырып отырған заңнамamız еліміздегі мемлекеттік қызметкерлердің жүріс-тұрысына әрі қорған, әрі бағыт-бағдар болары сөзсіз. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде: әріптестерінің арнамысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға және басшылар қарамағындағы қызметкерлермен қарым-қатынас кезінде: меритократия (жергілікті атқарушы) қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде мекенде, туыстық және жеке басына берілген белгілері бойынша артықшылықтарды көрсетпеуге тиіс.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, мемлекеттік қызметкерлердің әдеп кодексі олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмау. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмеуі, үлгілі мінез-құлық ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып саналады. Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау әрбір адамның қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті деп есептеймін.

**Зият ХАСЕНОВ,**  
**аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.**

НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ

«Отан – отбасынан басталады» демекші, отбасын құрып, шаңырақ көтеру – әр адам үшін жауапты әрі маңызды қадамның бірі. Әр отбасы өз алдына жеке шағын мемлекет. Отбасын құру үшін ең алдымен әйелге де, ер азаматқа да үлкен жауапкершілік қажет. Себебі ер адам білдей бір отбасының асыраушысы, тірегі болса, әйел сол отбасының түтінін түтететін шаңырағының берекесі. Елімізде биылғы жылдың басынан бері 40 мың жаңа отбасы құрылған. Неке саны бойынша Алматы, Астана және Шымкент қаласы көш бастап тұр. Өкінішке орай, ажырасу көрсеткіші көңіл көншітпейді. Жыл басынан бері елімізде 8,8 мың отбасы ажырасып үлгерген. Ең алаңдататыны Қазақстан ажырасу көрсеткіші бойынша әлемде он алтыншы орын алады.

Қоғам арасында ажырасудың басты себебінің бірі – жастардың дайындықсыз отбасын құрып, үлкен өмірге қадам басуы. Бұдан бөлек ажырасудың негізгі бірнеше себептері бар: ер немесе әйелдің ішімдікке салынуы, күйеуі не әйелі жұмыссыз, жұбайлардың өмірге деген көзқарастары сәйкес келмеуі, материалдық қиындықтар, балалы бола алмау, тағысын тағы. Соңғы уақытта қазақ отбасында ажырасу үйреншікті жағдайға айналып келе жатқандай. Заман қарыштап дамып,



өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы мен құндылықтарға деген қарым-қатынасы өзгереді. Бұл – бұлтартпас шындық, факт. Себебі заманға сай адам психологиясы өзгереді, бір қалыпта тұрмайтыны анық. Адамның қарым-қатынасқа деген көзқарасы өзгереді. Ал біздің менталитетімізге отбасы құндылықтарын бірінші орынға

қою, отбасы ұйытқысын сақтау сынды нәрселер сіңіп, ата-баба дәстүрі мен салты бойынша «ажырасу» ұғымы – «табуы» айналған. Осыдан біраз жыл бұрын ажырасуға бару – үлкен күнә, қылмыс я болмаса ерсі қылық ретінде қабылданды. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба бастағаннан кейін ажырасу

фактісі де көптеп тіркеле бастаған. Оның басты себебі – әйелдердің өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі.

Қазіргі таңда отбасын құруға ұлттық немесе қандай да бір басқа әлеуметтік тосқауыл жоқ. Болашақ отбасын құруда ерлі-зайыптылардың жас ерекшелік дайындығы ғана емес, олардың психолог-иялық даярлығы да маңызды рөл атқарады.

Жаңа отбасын құрып, енді ғана отбасылық өмірге қадам басқан жас отбасылардың арасында түсініспеуші-ліктер болатыны анық. Менің ойымша, ол қалыпты жағдай. Ондай жағдайда екі жақтан да ашуға берілмей, «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дегендей барынша сабыр сақтап, ақылмен шешу керек деп ойлаймын. Отбасын сақтау үшін ер мен әйелдің жанұядағы өзінің рөлін, жауапкершілігін білуі қажет. Бұл туралы Ала Елшінің (с.а.с.) тағы бір хадисінде: «Жұбайларыңның сендердің алдарыңда белгілі міндеттері болғаны секілді, сендердің де олардың алдында атқарар міндеттерінің бар екенін ұмытпандар. Олардың міндеті – жағана адал болу және сендер қаламаған адамды босағдан аттапмау. Ал сендердің міндеттерің – оларды киім-кешек және ас-ауқатпен қамтамасыз ету». Дінімізде осылай ер мен әйел арасындағы өз міндеттерін, бір-

біріне деген қандай жауапкершілік бар екенін түсіндіріп өткен.

Жалпы отбасын сақтап қалам деген ер мен әйелдің арасында жақсы бір тартылыс күші болуы керек деп ойлаймын. Себебі, екеуінің арасында күшті бір сезім де, тартылыс та болмаса ол отбасы ұзаққа бармайды. Сол үшін де неке қиып, отбасылы болар алдын «Жеті рет өлшеп, бір рет кесетіндей» ақылмен шешу керек. «Бұл кісі шынымен менің адамым ба?», «Не себепті дәл осы кісі?», «Мен бақытты етіп, бақытты бола аламын ба?» деген сияқты сауалдарды өз-өзімізге қоя білу керек деп санаймын. Сол кезде ғана ер адам болсын, әйел адам болсын ойланып барып шешім қабылдайды. Негізгі отбасын сақтап қалу үшін дінімізді жіті зерттеп, салт-дәстүрді оқып қарасақ өте көп құнды мәліметке қанық болатынымыз сөзсіз. Бірақ бақытты отбасылық өмірді шеттен келіп, біреу жасап бермейді. Өмірде сан соғып қалмау үшін отбасын құру үлкен жауапкершілік екенін түсіну керек.

**Еңлік КАЛЫМБЕТОВА,**  
**«Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ**  
**АҚ-ның Жамбыл облысы бойынша филиалының Мойынқұм аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы.**

????????????????

## ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВТІҢ ІНІСІ ТАЛҒАТТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН...

**Қайрат 10-клас­ты бітіргеннен кейін Алматы сәулет-құрылыс институтына барып құжаттарын тапсырды. Бірақ жолы болмай, ауылға қайтып келіп бақташы әкесі Ноғайбай ақсақалға көмекші болады. Сосын 1984 жылы әскерге шақырылып, жақсы кепілдемемен сержанттық лауызыммен оралады.**

1986 жылы өзінің бастапқы арманы – Алматы сәулет-құрылыс институтына оқуға түсті. Мен сол жылы училищені тәмамдап ҚазПИ-ге орналастым. Екеуіміздің мінезіміз екі бөлек-тін, мен бұзықтауымн, ол салмақты әрі байсалды еді, маған үнемі ақыл-кеңес беруден жалықпайтын. 1986 жылы мен мединституттың профилакториясында демалдым. Сол жылы білсемші көп ұзамай Қайратымнан айырыларымды, 1 қаңтарда, Мойынқұмдағы нағашы-ларымыздың үйінде ұйықтап жатқан жерінен алып кетіпті. «Түнде төбелеске қатысқан, көп ұзамай жібереміз» депті, бөгде кісілер. Мен барлық ішкі істер бөлімдерін аралап шықтым. Сөйтсек Алматыдағы «Целинный» кино-театрының маңындағы ішкі істер бас-қармасына әкеліпті. Аға тергеуші, полковник Дубаевқа жолықсам: «Ағаң мойындамай жатыр, мойында деп хат жаз, алаңда болғанын растасын» дейді. Ол маған Ертайдың тергеу ісін қолыма ұстатты. Байыржан екеуі де мойындапты. Сосын Дубаев: «Сенің ақ жиекті көк курткаң қайда?», деді. Ондай киім менде болмағанын айттым. Сөйтсем, қолында урна ұстаған, беті көрінбейтін бір жігіттің суретін маған көрсетіп «бұл сенсің» дейді. Менің еш қатысым жоғын дәлелдеп бердім. Ол күліп жіберді де, «ойнағаным ғой» дей салды. Бірде бауырыма тамақ апардым, сонда ол; «тергеушіге де, адвокатқа да ақша беріп әуре болмаңдар, босқа шашыласыңдар, маған жала бұда, мен ақпын, ақталамын деді.

1987 жылы мамырда әскерге шақырып, мені Свердловскіге жөнелтті. Ол кезде тергеу әлі жүріп жатқан. 1989 жылы ауылға оралдым. Анам мені жылап қарсы алды. «Неге жыйлайсың?» деймін. «Қайратымыздан айырылдық қой» дегенде, төбеменен жай түскендей болды. 1988 жылы 21 мамырда Семейден жеделхат келіпті!. «Балаларыңыз асылып, қайтыс болды» деліген онда. Алматыға келдім де Қадыр Мырзалиевке жолықтым. Қайраттың мәйітін жерлеуге, алып қайтуға не-ліктен рұқсат берілмеген себебін сұрадым. Істі қайта жүргізу қажет дедім. Сөйтсем «өздерің бас тартыпсыңдар ғой, мінекі жеделхаттарың» деп отыр. Сондағы «Қатты қайғырудамыз, бірақ бара алмаймыз, Рысқұлбековтер» деген жазуларды оқып, тіптен жынданып кете жаздадым. Ауылға барсам, мұны біз жазған жоқпыз дейді. Сосын

поштаға барып, 21 мамыр күнгі архивті көтерттім. Анықталғандай, сол күні совхоз парторгі жіберіпті жеделхатты. Оның өзі мойындағандай, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен екі адам келіп, қысым көрсетіп, Рысқұлбековтер семьясы ешқайда шықпайтын болсын!» деп бұйырыпты.

Мен көп іздендім, Қайраттың тергеу-шілеріне де, онымен бірге түрмеде жатқан-дармен де, жолдастарыммен де, комиссия мүшелерімен де кездестім. Қайрат мойнына алмаған соң әкенді сыйласаң мойындайсың, әйтпесе әкеннің өзін соттатамыз деп, шарт қойыпты. Бауырым қасындағы жігіттерге «Әкемді соттатып жіберсе үйдегілерді кім асырайды, амалсыздан қол қоя салдым» депті. Сотта қол қоюға қысым жасаған тергеушілерді бетпе-бет жүздестіруді талап етіпті. Бұған мән берілмеген. Қайраттың «Қанша жыл өтсе де түбі ақталамын, Аққа құдай жақ» дегені, көкейімде әлі тұр....

Ауданымыздың Көктерек, Биназар, Жасұлан, Айдарлы кеңшарларының ынты-мақтаса бірігуімен 1991 жылы 22 наурыз мерекесінде Қайраттың мәйітін туған жерінде жерқойнына тапсырып және батыр даңқын асқақтатар түрлі тәрбиелік мәні зор іс-шараларды жүзеге асыру үшін Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор құрылған болатын. Содан бермен қарай жастарымызды тәрбиелік мақсаттарға жұмылдыру үрдісінде бірталай игілікті жұмыстар атқарылды.

Қинамайды абақтыға жапқаны, Қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған қиын осылардың бәрінен, Өз ауылымның иттері үріп-қапқаны-деген Ахмет Байтұрсыновтың кебін Қайрат Рысқұлбеков те кешкен. Әу баста, Қайраттың атын жалау етіп, жақсы істер тындырмаққа бекінгендей көрінген баз-біреулер ақырында өзінің күйін күйттеп кеткендері де жасырын емес, ашы шындық, «Қайсар рухты қазақ» деген Коммунаар Табейдің кітабында Қайраттың – 3 хаты «Сағынышты да қайғылы мәңгі қоштасу, ең соңғы амандық- жамандық хаты» деген атпен беріліпті. Тақырыбы тұрпайылау көрінді. Хаттың мазмұнына мән берсеңіз, Қайратты өз-өзіне қол жұмсады деуге еш күмән келтірмейтіндей сықытып жазған сандырақ. Сол кітапта қазақтың қайсар ұлы Қайратқа еш негізсіз берілген тарапынан қастандық жасалғаны анық-талды. Көп ұзамай түрлі басылым беттерінде «Қайрат Рысқұлбековтің құны төленді» деген айдармен мақалалар шыға бастады. Осыдан кейін Қайрат



ақ 1680 жылдан 1718 жылға дейін билік құрған, қара қылды қақ жарар әділдігімен аты шыққан Әз Тәукенің «Жеті жарғысындағы» мына бір жолдарға сіздердің назарларыңызды аударуды жөн көрдім; -«Қаңға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын төлеу, ер адамға 1000 қой, әйелге 500 қой беру парыз...» дей келе өзініше долбар жасап, Қайраттың құнын 50 миллион сом деп түйген...

1993 жылы 20 шілдеде Жоғары сотқа Қайраттың анасы Дәметкен Асанбаеваның шақырту алғанын естіген мен сол күні Алматыға бірге бардым. Коммунар Табей де сот басталғалы Қайраттың анасынан бір елі алшақтамай жанында жүрген. Мен сол алғашқы сотта; «Біз қор атынан мүмкіндігіңше Қайраттың туыстарына көмектесіп тұрамыз. Сондықтан Қайратпен қоса, Ләззат, Ербол, Сәбиралардың да туыстарына мемлекет тарапынан жеңілдікті көмектер мен қолдау қажет» деген едім. Содан Жоғарғы сот мүшелері бұл ойымды қолдап, сотты 3-4 күнге шегеріп, тағы қосымша құжаттар болса әкелуімізді тапсырды...

Сол уақыттарда Семейде Қайраттың өліміне байланысты зерттеу жүргізіп жүрген жігіттер менің Семейге тездетте жеттімді сұранады. Қайраттың анасы Дәметкен мен Коммунар Табей жолымнан қалмауымды, сотқа өздерінің қатыса беретінін білдірді. Қайраттың өлімін таңға жуық көрген дәрігер-сарапшы Болат Шалағанов табылып, оның айтуы бойынша Семей түрмесінде Қайратқа К.Власенконың тарапынан қастандық жасалғаны анық-талды. Көп ұзамай түрлі басылым беттерінде «Қайрат Рысқұлбековтің құны төленді» деген айдармен мақалалар шыға бастады. Осыдан кейін Қайрат

қорына қаражат түсу де тоқтады. Сотта барынша жанталасып Қайраттың құнын даулаған Коммунар Табей көп ұзамай Ақпарат - араша агенттігіне төраға болып, қызметі жоғарылайды. Алайда мансаптық қызметінің ғұмыры қысқа болды.

Мен кейінірек Қайраттың анасы Дәметкенге ұшыраса: «Неге газет беттерінде Қайраттың құны төленді, деп жар салып жатыр?» десем, ол «Біз материалдық көмек алдық» деп, қысқа қайырды. 1998 жылдары кітап шығару ісімен айналысып жүргенде Қайраттың анасы Дәметкенге қайта жолығып, «31 миллион теңгені материалдық көмек ретінде алдық» деп, жазып беріңізші деп өтінігенде «Біз сотта Қайраттың құнына» деп қол қойдық қой, деп кейді.

1998 жылдың 2 сәуірінде менің талап арызыммен Алматы қаласындағы Жетісу аудандық сотына, мені жөнсіз қаралауды әдетке айналдырған К.Табеевті соттарағасы Б.Шошықбаевтың мәжбүрлі шақыртуымен қатыстырып, әділетті шешімімен маған 10 мың теңге өтемақы төлеп, 3000 дана кітап шығарып бермекші болған уәдесі, осы уақытқа дейін орындалмай келеді. Осындай кері тартпалы қиыншылықтарға қарамастан Қайрат Рысқұлбеков қорының ұйымдастыруымен бірқатар жұмыстар атқарылды: Қ.Рысқұлбековтің туған ауылындағы «Киров» атындағы орта мек-тепке оның есімі беріліп, алдына белгі тас қойылды. Туған ауылындағы Гагарин көшесі мен Алматыдағы Обручев және Астанадағы орталық көшенің бірі Қайрат Рысқұлбеков есімімен аталады. 1992 жылы 10 қыркүйекте Бірлік ауылында Қайратқа сәулетті ескерткіш орнатылды. Ұлтжанды, өнегелі қасиеттерімен көзге түскен Ресейдің Омбы қаласындағы қазақтың «Мөлдір» мәдени орталығының төрайымы Алтынай

Жүнісоваға 1993 жылы 9 желтоқсанда Алматыдағы орталық концерт залында салтанатты жағдайда марапат тап-сырдық. Алматыдағы сәулет-құрылыс академиясында мұражай бөлмесін ашқызып, Семей қаласындағы Қайрат атындағы мектепке ол туралы деректі құжаттар жинастырып, топтастырдық. 2000 жылдан бастап 24 жыл қатарынан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жас-тар мен жасөспірімдер арасында Шу ауданында шығыс жекпе-жегінен дәс-түрлі Қайрат Рысқұлбеков атындағы рес-публикалық ашық біріншілікті алдағы уақытта халықаралық деңгейге көтеруге, Шу қалалық тәэквоңдо федерациясының президенті Марат Тілеуқұловтың та-бандылығының арқасында бірлесе еңбектеніп келеміз.

